


Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Өкілетті кеңесінің 24-мәжілісі

Анталия / Түркия

18.05.2005 ж.

Күн тәртібі

1. 2005-2006 оқу жылында университетке студент қабылдау жоспарын бекіту.
2. Түркістан және Түркібасы лицейлерін жергілікті әкімшілік құзыретіне өткізу мәселесін талқылау.
3. 2005-2006 оқу жылында университеттің магистратура бағдарламасына студент қабылдау жоспарын бекіту.
4. 2005-2006 оқу жылында университеттің аспирантура бағдарламасына қабылдау, докторлық диссертация қорғау мақсатында аға ғылыми қызметке ауысу, шығармашылық демалысқа шығу, машықтану және іздену жоспарын бекіту.
5. Университетке Қазақстан Республикасынан тыс мемлекеттерден келетін студенттерді қабылдау, оларға стипендия тағайындау, алғашқы білім беру ережелеріне өзгеріс еңгізу.
6. Жаңа регламенттерді талқылау және ескі регламенттерге өзгеріс еңгізу:
  - 6.1 Марапаттау және жәрдем беру туралы регламентті талқылау;
  - 6.2 Түркістан Ұзақтан білім беру факультетінің ҚазТББ (Қазақ тілінде білім беру - KazTEP) және ОрТББ (Орыс тілінде білім беру - RusTEP) бағдарламаларының Оқу және емтихан регламентін талқылау;
  - 6.3 Кредиттік технология жүйесінің Оқу және емтихан регламентін талқылау;
  - 6.4 Студент жатақханалары регламентіне қосымша бап еңгізу мәселесін талқылау;
  - 6.5 Оқу процесін ұйымдастыру регламентіне қосымшалар еңгізу.
7. Университетте жаңа оқу құрылымдарын (бөлімдерін) ашу мәселесі.
8. Университет балансындағы қойлар мен қозыларды, олардың қоралары және бал араларын сату мәселесі.
9. Университеттің кейбір тұрғын үйлерін (коттедж) жекешелендіру мәселелері.
10. 2005 жылға арналған бюджет жоспарын қарастыру.
11. Университеттің 2002 және 2003 қаржы жылдарының қаржы есептерін бекіту.
12. Университетке қажетті болған әкімшілік және техникалық қызметкерлердің келісімшарт негізінде Өкілетті Кеңес Басқармасының төрағасы тарапынан жұмысқа жіберілу мәселесі.
13. Университет құрамындағы институттарда оқу мерзімі мен мамандықтарды лицензиялау мәселесі.
14. Өкілетті Кеңес мүшелерінің пікірлері мен ұсыныстары.



ШЕШІМДЕРІ

Анталия / Түркия

18.05.2005 ж.

2005 жылдың 18 мамыр күні өткізілген мәжіліске жалпы 8 Өкілетті кеңес мүшесі (Түркия Республикасынан 5, Қазақстан Республикасынан 3) қатысып, 14 баптан тұратын күн тәртібін бекітті және төмендегі шешімдерді қабылдады:

1- 2005-2006 оқу жылы үшін университетке студент қабылдау жоспары бекітілді. (1-қосымша)

1.1- Университеттің Түркия квотасы (бюджеті) есебінен 400, күндізгі бөлімге ақылы негізде 3180, сыртқы бөлімге ақылы негізде 4625 студент, барлығы 8205 орын бекітілді. Оның ішінде:

1.1.1- Университеттің Түркістан қаласындағы факультеттерінің күндізгі бөліміне Түркия квотасы есебінен 400, ақылы негізде 775, сыртқы бөлімге ақылы негізде 1000, барлығы 2175 студент;

1.1.2- Университеттің Шымкент институтына күндізгі бөлімге ақылы негізде 1200, сыртқы бөлімге ақылы негізде 1800, барлығы 3000 студент;

1.1.3- Университеттің Тараз институтына күндізгі бөлімге ақылы негізде 605, сыртқы бөлімге ақылы негізде 925, барлығы 1530 студент;

1.1.4- Университеттің Кентау институтына күндізгі бөлімге ақылы негізде 600, сыртқы бөлімге ақылы негізде 900, барлығы 1500 студент қабылдауға шешім қабылданды.

1.2- Университеттің Түркістан кәсіптік колледжіне күндізгі бөлімге ақылы негізде 120, сыртқы бөлімге ақылы негізде 80 студент, барлығы 200 студент;

1.3- Университеттің ТүрТЕП (Ұзақтан білім беру / TURTEP) бағдарламасына 1000 студент;

1.4- Университеттің Алматы институтына Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы КазТББ (KAZTEP) үшін 500, ОрТББ (RUSTEP) үшін 500, барлығы 1000 студент;

1.5- Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан қаржыландыру шартымен университеттің күндізгі бөліміне Түркия Республикасына 150, түркі тектес республикалар мен қауымдастықтарға 151, қажет болған жағдайда осы контингенттердің үйлестіруін өзгерту құқығын Өкілетті Кеңес төрағасына беріп, барлығы 301 студент (2-қосымша);

3      *[Handwritten signature]*      *[Handwritten signature]*      *[Handwritten signature]*  
1

1.6- Жоғарыда көрсетілген контингенттер бойынша студенттерді мамандықтарына қарай үйлестіру және орналастыру міндеті университет ректоратына жүктелді.

1.7- Университетке қарасты Түркістан және Түркібасы лицейлерін бітіріп, мемлекеттік қабылдау емтиханында 60-тан көп ұпай жинағандарды регламентте көрсетілген мамандықтар бойынша жоғарыда көрсетілген контингент ішінен тікелей Түркия квотасы есебінен оқуға қабылдауға шешім қабылданды.

## 2-Университетке қарасты Түркістан және Түркібасы лицейлері туралы:

2.1- Түркістан және Түркібасы лицейлердің құрамында Түркия түркшесінде білім беру арқылы Түрк тілі сыныпының болуы, жеткілікті мөлшерде Түрк тілі маман кадрлардың болуы және лицейлердің аттарын өзгертпеу шартымен құрал-жабдықтарымен жергілікті әкімшілік құзыретіне өткізуге шешім қабылданды. Осы шарттарға байланысты, Керекті құқықтық шараларды атқаруға университет ректоратына құқық берілді;

2.2- Ауыстыру іс-шаралары оқу жылының басына дейін бітпесе, лицейлердің әр қайсысына 9-сынып үшін Түркия квотасы есебінен 15 оқушы, барлығы 30 оқушы қабылдау, лицейлер үшін қажетті төлемдерді төлеу мақсатында Өкілетті Кеңес басқармасына құқық беру және лицейлерде коммерциялық төлемақы негізінде білім беру мәселесі ректорат тарапынан зерттеу туралы шешім қабылданды.

3- 2005-2006 оқу жылында Қазақстан Республикасының бюджеті есебінен магистратура бағдарламасына 88, ақылы негізде 100 студент қабылдау (жалпы саны 188) жоспары бекітілді. (3-қосымша)

4- 2005-2006 оқу жылында Қазақстан Республикасы бюджетінен аспирантура бағдарламасына 90, Түркия Республикасы бюджетінен 10 студент, Қазақстан Республикасы бюджетінен аға ғылыми қызметкерлікке ауысуға 20, Түркия Республикасы есебінен докторлық диссертация қорғау мақсатында шығармашылық демалысқа 10, машықтану және ізденуге 5 орын бөлуге шешім қабылданды. (4-қосымша)

5- Университетке Қазақстан Республикасынан тыс мемлекеттерден келетін студенттерді қабылдау, оларға стипендия тағайындау, алғашқы білім беру ережелеріне өзгеріс енгізу бойынша:

5.1. Университетке Қазақстан Республикасынан тыс түркі тектес республикалар мен қауымдастықтарынан келетін студенттерді қабылдау ережесі бекітілді (5-қосымша);

5.2- Университетке Қазақстан Республикасынан тыс түркі тектес республикалар мен қауымдастықтарынан қабылданатын болашақ студенттерге қатысты алғашқы білім беру іс-шараларды жүргізу мәселесінде Өкілетті Кеңес төрағасына құқық беру және шығындарының Өкілетті Кеңес бюджетінен төленуіне шешім қабылданды;

Handwritten signatures and initials in blue ink, including a large signature on the right and several smaller ones on the left.

5.3- 2005-2006 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасынан тыс мемлекеттер мен қауымдастықтардан келген дайындық курсындағы тыңдаушыларға 35 АҚШ доллары көлемінде жәрдем ақыны Университет тарапынан төленеді, ал 1 курсқа қабылданған студенттерге ҚР Білім және ғылым министрлігінің стипендия тағайындау туралы Ережесіне сай стипендия беріледі. 2005 жылдан бұрын қабылданған студенттерге стипендия және өз мемлекеттеріне бару-келу шығындары Өкілетті Кеңестің 25.07.2003 жылы өткізілген 20-мәжіліс шешімінің 8-бабына сәйкес төленеді.

6- Жаңа регламенттерді талқылау және екі регламентке өзгеріс енгізу бойынша:

6.1- Марапаттау және жәрдем беру туралы регламент бекітілді (6-қосымша);

6.2- Түркістан Ұзақтан білім беру факультетінің ҚазТББ (Қазақ тілінде білім беру - KazTEP) және ОрТББ (Орыс тілінде білім беру - RusTEP) бағдарламаларының Оқу және емтихан регламенті бекітілді (7-қосымша);

6.3- Кредиттік технология жүйесінің Оқу және емтихан регламенті бекітілді (8-қосымша);

6.4- Студент жатақханалары регламентіне бір қосымша бап енгізу қабылданды (9-қосымша);

6.5- Оқу процесін ұйымдастыру регламентіне қосымшалар енгізу қабылданды (10-қосымша).

7- Жаңа бөлімдер мен орталықтар ашу бойынша:


7.1- Түркістан Халықаралық қатынастар факультетіндегі “Халықаралық қатынастар және журналистика” бөлімін “Халықаралық қатынастар” және “Журналистика” бөлімдері етіп екіге бөлуге;

7.2- Түркістан Заң факультеті Социология бөлімі құрамында Социологиялық зерттеу орталығын құруға;

7.3- Тараз институты Жаратылыстану және құқықтану факультетіндегі “Құқық” кафедрасын әкімшілік және академиялық негіздерге байланысты “Мемлекет және қылмыстық құқық” және “Азаматтық және қаржылық құқық” кафедрасы етіп екіге бөлуге;

7.4- “Экология” ғылыми-зерттеу институты Шымкент қаласына көшіріліп, оның құрамына “Химреактив сервис” жауапкершілігі шектеулі серіктестікті қосу шешімдері қабылданды.

8- Университет балансындағы қойлар мен қозыларды, олардың қоралары және бал араларын сатуға, сату құнының кіріс ретінде тіркелуі үшін қатысты іс-шараларды атқару міндеті ректоратқа жүктелді.



9- Түркістан қаласының Н.Назарбаев және Т.Озал көшелеріндегі университетке қарасты тұрғын үйлердің (котедждердің) тозып, оларды жөндеу шығындарының жылда өсуіне байланысты және Университет бюджетін тиімді пайдалану мақсатында, коттеждерде тұрып жатқан оқытушылар мен қызметкерлерге жекешелендіруге беріліп, олардың жер телімдері университеттің жер көлемінен шығарылуы туралы шешім қабылданды.

10- Университеттің 2005 жылға арналған бюджет жобасы қабылданды. Басшыларына бюджет баптары мен спецификациялары арасында тиісті баптың 20%-тен аспау шартымен аудару міндеті мен жауапкершілігі берілсін. (11-қосымша)

11- Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің қаржы есептері.

11.1- Университеттің 2002 оқу жылындағы қаржы есептеріне қатысты 09.05.2003-09.06.2003 ж. аралығында өткізілген қаржы комиссиясының тексеру жұмысының нәтижесінде Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің 2002 нақты қаржы есептері 25.530.942,47 АҚШ доллары ретінде анықталып, қаржы тексеру комиссиясы есебінде атап өтілген мәселелерді тиісті тұлғалар тарапынан орындалуы шартымен бекітілді. (12-қосымша).

11.2. Университеттің 2003 оқу жылындағы қаржы есептеріне қатысты 30.04.2003-29.05.2003 ж. аралығында өткізілген қаржы комиссиясының тексеру жұмысының нәтижесінде Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің 2003 нақты қаржы есептері 23.167.925,01 АҚШ доллары ретінде анықталып, қаржы тексеру комиссиясы есебінде атап өтілген мәселелерді тиісті тұлғалар тарапынан орындалуы шартымен бекітілді. (13-қосымша).

12- Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өзіндік заңды автономиялы статусы бар екендігін ескере отырып, университетке Түркия Республикасының оқытушы-профессорлармен қоса қажетті әкімшілік және техникалық қызметкерлерді келісім-шарт арқылы Қазақстанда жұмыс істеуі үшін қабылдауға Өкілетті Кеңес төрағасына құқық берілді.

13- Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметінің 1993 жылы бекіткен Жарғысына сәйкес Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өзіндік заңды автономиялы статусы бар және құрамында оқу институттары мен дербес бөлімдер ашуға құқы бар екендігін ескере отырып, Алматы, Кентау, Тараз және Шымкент институттарына бакалавр, магистр дипломдарын беру және аспирантура бағдарламасын ашу құқығы берілді.

#### 14- Пікір және ұсыныстар


14.1. Университет ректоры Қазақстан Республикасы тарапынан 2005 жылдың шілде айынан бастап оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің жалақылары 32% пайыз қосылатындығын, Түркия тарапынан ағымдық төлемдер үшін ай сайын арнайы жіберілетін 350.000 АҚШ доллардың жеткіліксіз болатындығын атап өтті. Түркия тарапынан жіберілетін ақшаға қосымша ретінде 2005 жылдың шілде айынан бастап жалпы 2005 жылы үшін 500.000 АҚШ доллары жіберілуін талап етіп, Өкілетті Кеңес мүшелері осы көз-қарастарды қабылдап, Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан

3      John      4      [Signature]      [Signature]

аталған қаражат мөлшерін ректоратқа жіберу мақсатында іс-шаралардың жасалуы туралы шешім қабылданды.

14.2. Өкілетті Кеңес мүшелерінің проф. док. Рыза Айхан және док. Өнер Кабасақалдың университетіміздің білім жүйесін әлемдік стандарттарды ескере отырып, зерттеу және осыған байланысты пікір алмасу және ұсыныстарын білдіру мақсатында тиісті адамдардың ректоратпен бірге белгіленген мерзімде Қазақстанға қызметпен іс-сапарға шығуы және тағайындалуы туралы шешім қабылданды.

Өкілетті Кеңестің 24-мәжілісінің бұл шешімдері 14 баптан тұрады.



Намык Кемал ЗЕЙБЕК  
Өкілетті Кеңес төрағасы



Проф. док., Рыза АЙХАН  
Өкілетті Кеңес мүшесі  
ТР Гази университетінің оқытушысы

Құрманғалиева Аида Дәденқызы

Өкілетті Кеңес мүшесі

ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау  
министрлігі

Әлеуметтік сала шығыстарын жоспарлау  
департаментінің директоры




Әжіметов Нұржан Нұрмаханбетұлы

Өкілетті Кеңес мүшесі

ҚР Қаржы министрлігі

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитетінің төрағасы



Проф. док., Мұстафа Исен  
Өкілетті Кеңес мүшесі  
ТР Мәдениет және туризм  
министрлігінің кеңесшісі



Док. Өнер КАБАСАКАЛ  
Өкілетті Кеңес мүшесі  
ТІБӨ Мәдениет және білім  
қорының бас директоры



Проф., док. Серік Жайлауұлы Пірәлиев  
Өкілетті Кеңес мүшесі  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-інің Президенті

Фейзуллах БУДАК  
Өкілетті Кеңес мүшесі  
ТР Қаржы министрлігінің аға  
бақылаушысы